

Ресей Федерациясынан Тәжікстан Республикасына жарылғыш материалдың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 маусымдағы N 521 қаулысы

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сай номенклатура мен санда Ресей Федерациясынан Тәжікстан Республикасына 2003 жылғы 5 сәуірдегі N 11-ТИ-03 келісім-шарт бойынша "Химзауыт" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы (Тәжікстан Республикасы, Исфара қаласы) үшін "Т.О.Р." (Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы) жабық акционерлік қоғамы беретін жарылғыш материалдың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі мен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 м а у с ы м д а ғ ы

N 5 2 1 қ а у л ы с ы н а

қосымша

2003 жылғы 5 сәуірдегі N 11-ТИ-03 келісім-шарт бойынша "Химзауыт" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы (Тәжікстан Республикасы, Исфара қаласы) үшін "Т.О.Р." (Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы) жабық акционерлік қоғамы беретін жарылғыш материалдың номенклатурасы мен саны

Р/с N	Берілетін жарылғыш материалдардың	СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны	0 % ҚҚС- пен, бір бірлік	Жалпы құны АҚШ долларымен
----------	---	----------------	------------------	------	--------------------------------	---------------------------------

номенклатурасы
мен атауы

үшін
бағасы
А Қ Ш
долларымен

1	1	МЕМСТ 4117-78	360200000	тонна	400,0	670,0	268000,0
қ а б ы р ш а қ т а л ғ а н							
т р о т и л							

Шекаралық өту пункттері: Илецк-1 станциясы (Ресей Федерациясы) - Луговая станциясы (Қазақстан Республикасы)
Жөнелту пункті: Чапаевск станциясы (Ресей Федерациясы)
Баратын жері: Исфара станциясы (Тәжікстан Республикасы)